

*ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ*

СӨЖ

Тақырыбы: қатерлі ісікке қарсы қолданылатын дәрілер.

Қабылдаған: Орынбасарова А.

Орындаған: Рахимов А.

Тобы: ЖМ-209

- ❖ **КІРІСПЕ**
- ❖ ***ІСІККЕ ҚАРСЫ ДӘРІЛІК ЗАТТАР***
- ❖ ***НЕГІЗГІ БӨЛІМІ:***
- ❖ ***ІСІККЕ ҚАРСЫ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ***
- ❖ ***ҚОРЫТЫНДЫ***
- ❖ ***ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.***

Ісікке қарсы дәрілік заттар – қатерлі ісікті емдеуге қолданылатын синтездік не табиғи дәрілік заттар тобы. Қазіргі кезде ісікке қарсы дәрілік заттардың 60-тан астам түрі бар. Оларды: алкилді қоспалар, антиметаболиттер, ісікке қарсы антибиотиктер және өсімдіктерден алынған дәрілер деп бөледі.



- **Алкилді қоспалар** ісік клеткаларындағы белоктарда және нуклеин қышқылдарында хим. Реакция жүргізіп, олардың тіршілігін бұзады. Соның нәтижесінде ядроның бөлінуі тоқтайды. Мұндай дәрілер қатарына кармустин, ломустин, семустин, нитрометиомочевина, стрептозоцин, тио-тэф, бензотэф жатады.



- Антиметаболиттерге жататын 5-фторурацил, метотрексат, 6-меркаптопуриннің хим. құрылысы клеткадағы алмасу процесін жүргізетін күрделі заттарға өте ұқсас, сондықтан олар клеткадағы нуклеин қышқылымен оңай қосылады. Антиметаболиттер онкологияда асқазан-ішек жолдарындағы, аналық бездегі, өкпе және өңештегі ісіктерге және қан рагына қарсы қолданылады.




- Ісікке қарсы антибиотиктер ісік клеткаларындағы нуклеин қышқылының тіршілігін бұзады. Мұндай дәрілерге адриамицин, блеомицин, блеомицетин жатады. Өсімдіктерден алынған дәрілер кейінгі кезде өкпе қатерлі ісігіне қарсы жиі қолданылады. Бұларға: [винкристин](#), [винбластин](#), [тенипозид](#), [этопозид](#) жатады. Бұл дәрілік заттардан басқа ферменттер мен гормондардан дайындалатын препараттар да кеңінен қолданылады.





- Бұл дәрілік заттардың әсері ісіктің көлеміне байланысты. Ісік неғұрлым кішкентай болса, дәрінің шипалық қасиеті соғұрлым жоғарылайды. I. Қ. Д. З. Ісік клеткаларының көбеюін тоқтатады. Бірақ бұл дәрілер кейде сау клеткалардың көбеюіне де, әсіресе қан түйіршіктерін түзетін органдарға, ішектің, терінің эпителий клеткаларына әсер етеді. Мұнымен қатар олар жүректі айнытып, құстыруы, науқастың тәбетін кемітуі, іш өткізуі, қан құрамын өзгертуі мүмкін. I. Қ. Д. З-ды қолданғанда дәрінің белгілі мөлшерін бергеннен кейін біраз уақытқа үзіліс жасап,



- Қазіргі кезде бір немесе бірнеше дәріні бірінен соң бірін қолданатын полихимиотерапия әдісі де жақсы дамып келеді. Ісік ауруларына қарсы дәрілік заттармен бірге әр түрлі басқа емдеу тәсілдері де қолданылады; қ. Сәулемен емдеу.




- Қазір әйелдер арасында сүт безінің қатерлі ісіктері, одан кейін ерлер мен әйелдерде өкпе, сосын асқазан, ал, төртінші орында тоқ ішектің қатерлі ісігі тұр. Негізі әр адам жылына бір рет денсаулығын тексеруден өткізіп тұрғаны жөн. Өйткені ауру алғашында біліне қоймайды. Ісік әбден өсіп, айналасындағы ағзаларды қысып, ауырта бастағанда ғана сезіледі. Егер ауру ерте, I-II сатысында анықталса, 80 пайыз айығып кетуге мүмкіндік бар. Жасы 30-дан асқан әрбір адам тік ішегін, 40-тан асқан ер адамдар жылына бір рет қуық асты және қалқанша безін, өңешін, асқазанын, 35-тен асқан әйелдер 5 жылда бір рет жатыр мойнының ісігін, 50-ден асқан әйел-аналар екі жылда бір рет сүт безін міндетті түрде тексертіп тұруы керек. Ауруды ерте анықтап, сапалы ем жүргізсе, тез сауығып кетеді.



- Отандық бірегей фитопрепараттарды кешенді түрде биологиялық белсенді заттардан іздестіруден бастап, дәрілік шикізатты өсіру, оларды өңдеп, жаңа фитопрепараттардың дайын дәрілік түрлерінің тәжірибелік-өнеркәсіптік мөлшерін шығаруға дейін жеткізу жұмыстарын 159 ғылыми қызметкер, соның ішінде 1 академик, 17 ғылым докторы мен 38 кандидаты жүргізеді. Аталған бағыттағы іргелі зерттеулерді іске асыру барысында Қазақстан өсімдіктерінің 494 түрі зерттелді. Бұлардан 2 мыңнан астам табиғи қосылыстар бөлініп, теңдестірілді. 1 мыңға жуық жаңа туындылар синтезделді.
- Холдинг базасында республикалық биологиялық белсенді қосылыстардың және дәрілік заттардың стандарты үлгілерінің банкі жұмыс істейді. Ол шетелдік компаниялардың инвестицияларын тартуға ықпал етіп келеді. Бүгінде 43 фитопрепарат шығарылады, атап айтқанда қатерлі ісікке қарсы қолданылатын «Арглабин», «Салсоколлин», «Саусалин» тәрізді дәрілер алысқа аян. Бірқатары шет елдерде тіркеуден өтті. «Арглабиннің» шипалық қасиеті Германиядағы «Леонардис Клиник», АҚШ-тың Хьюстон штатындағы «Нью Онкологджи Лабз», Мәскеудегі Н.Н. Блохин атындағы Ресей онкологиялық ғылыми орталықтарында дәлелденді. Бүгінге дейін оның көмегімен 2500-ден астам адам емделіп, клиникалық қолданыста 76 пайызда оң тиімділік берді.

Қорытынды

- Қазіргі кезде Қазақстанда онкологиялық аурудың әр түрлі этиологиясымен науқастанған 250 мыңнан астам сырқат бар. Сондықтан «Арглабинге» сұраныс жылына 5 миллион ампуланы құрайды. Бұл дәрі әлемнің 11 елінде патенттелген. Халықаралық GMP стандарттары бойынша бірегей фитопрепараттар өндірісін ұйымдастыру инновациялық жобасы іске асырылуда. Соған сәйкес бәсекеге қабілетті дәрілік өнімдер өндірісі ассортиментін және көлемін ұлғайту жүргізілуде. Ғылыми ізденістер ауқымы кеңейіп келеді. Бір топ ғалымдарымыз «Қазақстанда табиғи сесквитерпенді лактондар химиясы бойынша зерттеулерді дамыту, оларға ізденіс негізінде жаңа дәрілік заттарды жасау» ғылыми жұмысы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреттары атанды. Бүгінде «Саусалин», «Атеролид» препараттары клиникалық сынақтан өтуде.
- Қорытып айтқанда, холдинг ұжымы заман талабына орай кластерлі кешен ретінде іргелі ізденістен бастап, қолданбалы зерттеулер нәтижесінде отандық дәрі-дәрмектерді өндіруде елеулі табыстарға қол жеткізуде. Ең ізгілікті іс – адамдар денсаулығын қорғап, сақтауға біліміміз бен тәжірибемізді барынша жұмылдыра бермекпіз.

The background is a light gray gradient. In the top-left and bottom-right corners, there are several realistic-looking water droplets of various sizes, some overlapping. The text is centered in the upper half of the image.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

Пайдаланылған әдебиеттер

- ❖ www.google.kz
- ❖ www.wikipedia.org
- ❖ www.yandex.kz

Интернет желілерінен.